

# Өнерге басты бір қадам

Ауданымызда қос бірдей өнер үйірмесі ашылды

Қазақстанда 2022 жыл балалар жылы деп жарияланды. Бұл туралы ел Президенті өз Жолдауында айтты. Мемлекет басшысы балаларға ерекше назар аудару керектігін айтып өтті.

Осы мақсатта аудан төрінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Өткен апта біздің ауданымыз үшін қуанышқа толы болды. Әсіресе өнерге жақын жас балдырғандар шаттыққа кенеліп, өнер әлеміне қадам басты.

«Юбилейный» мәдениет үйінде қазақтың киелі домбырасын ұстаған балалар мен өнерлі балапандарға қолдау білдірген ата-аналар қауымы жиналды.

Оған себеп, «Жас таланттар» оқу орталығының домбыра үйірмесі және хор ұжымының ашылу салтанаты болды.

Үйірме жетекшілері Байдос Қожасағиев пен Ирина Семерюк ашылу салтанатының тізгінін өз қолдарына алып, барша жиылған өнер сүйер



Өнерге құштар балғындар «Юбилейный» мәдениет үйінің сахнасында

қауымға ақ тілектерін білдірді.

Бір күнде қос бірдей өнер үйірмесінің ашылуы баласын өнерге жетелеген ата-ана үшін қуанышты жаңалық болды.

Үйірменің негізгі мақсаттары – балаларды музыка мәдениетіне баулу, баланың ұлттық аспапқа, өнерге деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттыру.

Ашылу салтанатына ата-аналар мен қатар мәдениет бөлімінің басшысы Жанат Таженова, оқу орталығының директоры Виктория Байкунирова қатысты.

- Бүгін біз үшін және өнерге жақын жас толқын үшін өте қуанышты күн. Балалардың таланттарын арттырып, өнерге баулысақ деген ниетіміз бар. Біздің болашағымыз

– осы өнерлі балалардың қолында. Балаларына қолдау көрсеткен ата-аналарға алғысымыз шексіз. Болашақта бүгінгі жас өнерпаздарымыз үлкен сахнаны бағындыратын, өнердің биігінен көрінетін өнерлі жаңдарға айналады деген сеніміміз бар. Бүгін өз жұмысымызды бастадық. Барша балаларға сәттілік тілеймін, - деді «Жас таланттар» орталығының басшысы Виктория Байкунирова.

Айта кетсек, хор ұжымының үйірмесі жетісіне екі рет өз жұмысын атқарса, домбыра жетісіне үш күн жұмыс жасайды деп жоспарланып отыр. Өнерлі балаларға арналған үйірме тегін жүргізілмек.

Болашақта қос үйірменің берері мол болып нәтижесінде қазіргі заман талабына сай домбыра аспабын жақсы деңгейде меңгерген, музыка мен мәдениетке көңіл бөлетін, жан-жақты қалыптасқан бәсекеге қабілетті тұлға, нағыз өнер майталмандары тәрбиеленеді деген сенімдеміз.